

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 390 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 31 желтоқсанда № 4410 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17, 69 – баптарына сәйкес Бейнеу ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Vista Technology" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу және пайдалану үшін Бейнеу ауданының аумағында орналасқан жалпы алаңы 36,0698 гектар (Бейнеу ауданының босалқы жерлері – 20,4042 гектар, Бейнеу ауылы – 6,32 гектар, Ақжігіт ауылы – 5,2 гектар, Тәжен ауылы – 4,1456 гектар) жер учаскелеріне меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алып қоймастан 25 (жиырма бес) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Бейнеу аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Н. Елемесов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж. Теміровке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бейнеу ауданының әкімі

Б. Абилов